

ЕРЕЖЕ
«Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Ғылыми кеңесі туралы

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің (бұдан әрі – Институт) Ғылыми кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Ғылыми кеңестің құрамына лауазымы бойынша Институттың бас директоры, бас директордың орынбасары, бас ғылыми хатшы, Институттың Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, Институттың кәсіподақ төрағасы, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ғылыми дәрежесі бар жетекші ғылыми қызметкерлер кіреді.

3. Ғылыми кеңестің мүшелері ретінде Институттың мамандану бағытына сәйкес жоғары біліктілікке ие тәуелсіз сарапшылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің мамандары (келісім бойынша) тартыла алады.

4. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын» және ғылыми ұйымдардың қызметін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Институт Жарғысын басшылыққа алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері

5. Основными задачами Совета являются:

1) Институттың ғылыми қызметінің басым бағыттарын айқындау, оның ішінде:

іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер саласындағы негізгі бағыттар мен жоспарларды қалыптастыру;

ғылыми инфрақұрылымды технологиялық дамыту үшін ғылыми-техникалық қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу;

пәнаралық бағдарламаларды қалыптастыру, зерттеу қызметін өзге ғылыми бағыттардағы ұйымдармен үйлестіру;

мемлекеттік органдармен және ғылыми қауымдастықпен өзара іс-қимыл жасау, жалпы мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру мен іске асыруға қатысу.

2) Су шаруашылығы және мелиорация саласында даму болжамдары мен стратегияларын әзірлеу:

әлемдік үрдістерді талдау, талдамалық ақпаратты жинақтау және мемлекеттік ғылыми, ғылыми-техникалық және инвестициялық саясатты қалыптастыру мен жетілдіруге ұсынымдар дайындау;

ғылым мен технология жетістіктерін Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен ұлттық қауіпсіздігі мүддесінде пайдалану жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін құру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

ғылыми-техникалық қызметті реттейтін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың неғұрлым перспективалы және тиімді бағыттарын талдау және айқындау;

мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану және сыртқы инвестицияларды тарту бойынша ұсынымдар әзірлеу.

3) Халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу.

3. Кеңестің функциялары

6. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Іргелі және қолданбалы зерттеулер саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша:

Институт қызметінің негізгі бағыттарын талқылайды және ұсыныстар енгізеді;

ғылыми-техникалық әлеуетті қалыптастыру мақсатында шешілуі тиіс өзекті ғылыми, техникалық және технологиялық мәселелер тізбесі мен басым бағыттарды қарайды;

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстардың, ғылыми кадрларды даярлау, ғылыми еңбектер мен конференция материалдарын басып шығару жоспарларын қарайды;

Институт пен оның құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми, ұйымдастырушылық және өндірістік қызметтері бойынша есептерді қарайды;

маңызды ғылыми мәселелер мен баяндамаларды қарап, ғылыми жұмыстардың нәтижелеріне баға береді;

басқа ғылыми ұйымдармен үйлестіру және шығармашылық ынтымақтастық мәселелерін талқылайды;

халықаралық ынтымақтастық және шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулердің орындалу барысын қарайды;

ғылыми кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру мәселелерін талқылайды;

ғылыми еңбектерді, жаңалықтар мен өнертабыстарды мемлекеттік марапаттар мен сыйлықтарға ұсынады;

ғылымға елеулі үлес қосқан қызметкерлерді ғылыми және құрметті атақтарға ұсыну бойынша ұсыныстар енгізеді;

ғылыми еңбектерді жариялауға ұсынады;

ғылыми-техникалық қызметті реттейтін нормативтік, ұйымдастырушылық және әдістемелік құжаттарды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру және орналастыру үдерісін реттеуге қатысады, сондай-ақ оларды қабылдауға қатысады;

кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

2) Қажет болған жағдайда Кеңес секциялар мен жұмыс топтарын құра алады.

4. Кеңестің жұмыс тәртібі

7. Кеңестің құрамы Институт директорының бұйрығымен бекітіледі және қажет болған жағдайда өзгертілуі мүмкін.

8. Кеңес құрамы 3 (үш) жыл мерзімге бекітіледі, мүшелер саны он тоғыз адамнан аспауы және тақ сан болуы тиіс.

9. Кеңес төрағасы Институттың бас директоры болып табылады.

10. Кеңес төрағасы:

отырыстарға төрағалық етеді және Кеңес қызметін басқарады;

даулы мәселелерді талқылауда алқалылықты қамтамасыз етеді;

отырыстың күн тәртібін, уақытын, орнын және өткізу нысанын айқындайды;

Кеңес отырыстарының хаттамаларына қол қояды;

Кеңес шешімдерінің орындалуын жалпы үйлестіреді.

11. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады.

12. Кеңес хатшысы:

отырыстарға материалдарды дайындайды, жинақтайды және жүйелейді;

Кеңес мүшелері мен шақырылған тұлғаларға отырыс туралы хабарламаларды уақтылы жібереді;

күн тәртібін қалыптастырады және хаттама жүргізеді;

отырыс қорытындысы бойынша хаттамаларды рәсімдейді.

13. Кеңес отырысы оның құрамының кемінде 2/3 бөлігі қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі. Онлайн форматта қатысуға рұқсат етіледі.

14. Кеңес шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және отырысқа қатысушылардың көпшілік даусымен қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

15. Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатқа ие және Институттың бас директоры бекіткеннен кейін күшіне енеді. Олар хаттамамен рәсімделіп, Кеңес төрағасы мен ғылыми хатшы қол қояды.

16. Кеңес шешімдері хаттамамен рәсімделіп, төраға мен хатшы қол қояды.

